



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№43 (632)
30 қазан,
2025 жыл

МУЗЕЙ

ТЫНЫШТЫҒЫН БҰЗҒАНДАР

«Оушеннің сегіз құрбысы», «Да Винчи коды» мен «Орындалмайтын тапсырма» секілді фильмдер Голливуд режиссерлерінің сүйікті тақырыбы емес пе? Түнгі музей, кенеттен өшкен жарық пен бейнебақылау камераларының сөнуі, із-түссіз ғайып болған құнды жәдігерлер... Нағыз шытырман дерсіз.

Жуырда ғана Париждегі әйгілі Лувр музейінде бұрын болмаған оқиға тіркелді. Елестетіңізші, 7 минуттың ішінде Наполеон Бонапартқа тиесілі әшекей бұйымдар мен Францияның патшалық зергерлік коллекциясындағы өзге де құнды жәдігерлер ұрланды. Міне, нағыз шытырман.

6

Кеңестік кезеңде Ресей зауыт атаулыны тек өзінің айналасына салды. Ал Қазақстан тәрізді мемлекеттерді олар тек шикізат көзі ретінде таныды. Сондықтан біздің елде автомобиль зауыты болған жоқ. Біздің техника атаулыдан көрген-баққанмыз да сол ресейлік көліктер болатын. Бала күнімізден мінген велосипедтің өзін солар шығарды. Ал шетелдік көне көліктердің өзі Қазақстанға 2000-жылдардың аяғында ғана келе бастады. Оған дейін су жаңа жигули мінгеннің кілті аспанда болатын.

Қолда бар мәліметке жүгінсек, Қазақстанға әкелінетін автокөліктердің дені Қытай, Грузия, БАӘ, Оңтүстік Корея және Жапониядан келетін көрінеді. Ал егер отандық көліктер нарықтан орын алып, елге қолжетімді болса, қыруар қаржы шетел аспас еді. Мемлекет басшысы таяуда «KIA Qazaqstan» автомобиль зауытының ашылуында бұл салаға баса мән беретінін жеткізді.

ОТАНДЫҚ АВТОКӨЛІК ӨНДІРІСІ:

ӨЗІМІЗДЕН ШЫҚҚАНҒА ҚОЛ ЖЕТЕ МЕ?

— Былтыр осы салаға 290 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылды. Бұл — алдыңғы жылмен салыстырғанда екі жарым есе көп. Осы үрдіс биыл да жалғасуда. Жыл басынан бері 178 миллиард теңге қаражат салынды. Инвесторлар Қазақстанға зор қызығушылық танытып отыр. Ауқымды шаралардың нәтижесінде бұл бағытта бірқатар табысқа қол жеткіздік. Өткен жылы елімізде 145 мыңнан астам көлік шығарылды. Астана, Алматы, Семей, Орал, Көкшетау, Қостанай және Саран қалаларында автокөлік өндірісіне қатысты кәсіпорындар жұмыс істеп тұр. Он мыңнан астам отандасымыз осы салада еңбек етеді. Оның жартысына жуығы — жастар. Ал Қостанайдағы зауытта

бір жарым мың адам жұмыс істейтін болады. Жұмысшылар жаңа дағдыларды игеріп, білікті маман ретінде қалыптасады. Алдағы уақытта кәсіпорын инженерлердің нағыз шеберханасы болады деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



3

ДЕНСАУЛЫҚ ҚҰПИЯСЫ ЖАҢҒАҚТА


8

ЭКОНОМИКА:

ҚҰЛДЫРАУ МЕН ҚҰБЫЛУ

Бүгінде әлем күн емес, сағат санап сан құбылу үстінде. Соған сәйкес әр ел өзінің экономикалық тұрақтылығы мен өсу қарқынына қарай бейімделеді. Дәлірек айтсақ, дамыған елдер бәсекеге қабілетті жолда талас-тартысқа ұмтылып қана қоймай, өзара аламанда бақ сынайды. Сөзімізге дәлел болу үшін АҚШ, Жапония, Корея, Қытай секілді экономикалық жақтан қарқынды дамып келе жатқан елдерді мысал ретінде келтіруге болады.

Әріге кетіп қайтөміз. Нақ қазіргі сәттің өзінде әлемде геосаяси ахуал құбылып қана қоймай, өзінің әсерін тигізіп отыр. Мұндай жағдайда экономикасы тұрақты елдердің өздері бір сілкініп алатыны бар. Өйткені, әлемдік дағдарыс, экономикадағы салқынқандылық кімді болмасын аямайды. Оған дайын болу үшін бірнеше он жылдық жоспар қор керек. Тек бір кәсіп көзіне ғана байланып қалған елдердің хәлі мұндай жағдайда күрт төмендейді. Мәселен, біздің елдің негізгі экономикалық күші мұнайдан түсетін қаражат екенін ескерер болсақ, әлем бір-ақ күн ішінде мұнайдан бас тартатын болса, елдің жағдайы үлкен сұрақтың астында қалғалы тұр.



САУАПТЫ САУДАЛАҒАНДАР

Қасиетті Рамазан айы аяқталуға таяу күндердің бірі болатын. Смартфонымды ашып, әлеуметтік желіге кіргенім сол еді, алдымнан атып шыққан жарнаманы көріп жағамды ұстадым. «... бұл айда берілген садақаның сауабы он еселенеді. Ендеше Рамазан айының соңғы үш күні қалды, амал дәптеріңізге жазылатын сауапты еселеп үлгеріңіз...» деп жатыр екен жарнамадағы жігіт. Ойыма бірден сауда орталықтарының маусымдық жеңілдіктері оралды. Осынау ойым үшін өз-өзімді күнәһар сезінгенімді де жасырмаймын.

Кейінгі жылдары дін жолының көз табыс көзіне айналдырған адамдар мен ұйымдар көбейіп, «дінді бизнеске айналдыру» деген ұғым жиі айтылатын болды. Бұл құбылыс — жай ғана әлеуметтік мәселе емес, сенімге сызат түсіретін, қоғамның моральдық иммунитетіне әсер ететін күрделі тақырыпқа айналып отыр.

СЫРДАРИЯ: МОЛШЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ БЕРЕКЕСІМЕН КЕЛДІ

Сырдариялықтар үшін биылғы Республика күні ерекше өтті. «Қос тойың қабат, екі дүниең абат болсын» деген қазақы ұстанымдағы өңір халқы жәрмеңкеге шат-шадыман жиналған. Республика күні, «Алтын күз» және қазақтың көрнекті ақыны Ұлбике Жанкелдіқызының 200 жылдық мерейтойына арналған іс-шара еді бұл.



Арбалаған да, дорбалаған да осында. Тайлы-туяғы қалмай диқанның қолынан шыққан табиғи таза өнімге асыққандай. Орталық стадион бүгін ерекше күйге енген. Тізілген ауыл шаруашылық өнімдері мен көрмеден сәл ассаңыз, көк шалғынның үстінде киіз үйлер тігіліп, сахна қойылыпты.

Өнерпазы да, ел ағалары да, қарапайым халқы да осында.

Салтанатты жиынға облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, аудан әкімі Берік Сәрменбаев, мәслихат депутаттары, мекеме басшылары, ардагерлер мен аудан тұрғындары қатысты.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне арналған салтанатты жиында: «Біріміз бір ел болып қолға алған реформалардың түпкі мақсаты – Қазақстанды жаңа жағдайға бейімдеу, сол арқылы еліміздің егемендігін нығайтып, бәсекеге қабілетін арттыру», – деді. Сонымен қатар тәуелсіздіктің бәрінен де қымбат құндылық екенін атап өтті.

– Биыл еліміз азаттықтың мерейлі белесіне жетті. Осыдан 35 жыл бұрын Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Дәл осы күні сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүріміз қайта жаңғырды. Көп ұзамай жұртымыз Тәуелсіздік байрағын көтерді. Тарихи әділдік орнап, ұлттың рухы асқақтады. Сондықтан бұл күнді халқымыздың дербес ел болуына жол ашқан қастерлі күн деуге болады.

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат құндылығымыз. Оны сақтап, нығайта түсу – баршамызға ортақ қасиетті борыш. Егемендік – ата-бабаларымыздың ұлт мүддесі жолындағы өшпес ерлігінің айқын көрінісі, – деді Қ.Тоқаев.

Салтанатты жиын барысында

маңызды сандар да айтылды. Мәселен 2019 жылдан бері ел экономикасы 16%-ға өсіп, былтыр осы көрсеткіш шамамен 137 триллион тенгеге жеткен. Ал жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім 47% артып, 14400 долларды көрсетіп тұр. Сонымен қатар жеті жылда сыртқы сауда айналымы 83%-ға артып, бүгінде 142 миллиард долларды құрап отыр.

Президенттің айтуынша, кейінгі уақытта жаңа Салық кодексіне қатысты көптеген өтініш келген. Осы ретте Үкімет арнайы салық режимі бойынша жұмыс істейтін кәсіптердің тізімін бұрынғы қалпында қалдырды. Ал Премьер-министрге тапсырма беріліп, алдағы уақытта шағын және орта кәсіпті қолдау үшін басқа да шаралар қабылданады.

– Бизнес салық реформасынан зардап шекпеуге тиіс. Ондай жағдайдың алдын алу үшін Үкімет кәсіпкерлермен сындарлы диалог жүргізуі қажет. Дегенмен экономикалық реформаларды мүлде тоқтатпауға болмайды, қаншалықты қиын болса да, оң өзгерістерді міндетті түрде жүзеге асыруымыз керек.

Өйтпесе, бәріміз жаппай құлдырауға ұшырауымыз әбден мүмкін.

Мемлекет, бизнес және жалпы қоғам күш біріктіргенде ғана Әділетті Қазақстанды құра аламыз. Еліміз еңсесін тіктеді, аяғына нық тұрды. Экономикада оң қарқын байқалады. Халықаралық қаржы институттары тарапынан жоғары несие рейтингін иеленуде. Экономика дамуының негізгі көрсеткіші – халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасының артуы. Бұл – менің берік ұстанымым, – деді Мемлекет басшысы.

Жиын барысында бірқатар азаматқа мемлекеттік наградалар мен сыйлықтар табысталды.

Сыр елінде де мереке сән салтанатымен ұйымдастырылды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Өнер орталығында мерекелік іс-шара өтті. Оған басқарма, департамент, құқық қорғау органдарының басшылары, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, зиялы қауым өкілдері қатысты. Мерекелік іс-шарада елдің әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері, белсенді

МЕРЕЙІ ҮСТЕМ МЕРЕКЕ

Уақыт өлшемінде кей мерекелердің сәні кетсе де, Республика күні – мәні мен салмағы жоғалмайтын мерекелердің бірі. Өйткені 25 қазан – ел тәуелсіздігінің тұғырын, халықтың еркін ойы мен елдік болмысын еске түсіретін ерекше белес.



қоғамдық қызметі, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар азаматқа мемлекеттік наградалар табысталды. Сонымен қатар Рәміздер аллеясында Мемлекеттік Ту көтеру рәсімі өтті. Ту көтеру сәтінде әскери хор гимн орындап, салтанатты жиын «Чемпионмен бірге жүгір» марафонына ұласты.

Айта кеткен жөн, аймақтағы даму бюджетінің көлемі 2021 жылы 47 миллиард теңге болса, биыл 207

миллиард теңгеге жетіп, 4,5 есе артқан. 2025-2028 жылдары құны 2 триллион теңгеден асатын 89 инвестициялық жоба аясында 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Сыр өңірінде 2022 жылдан бері 200-ге жуық халыққа қажетті әлеуметтік нысан салынып, тұрғындар игілігіне берілді. Сондай-ақ 1 600 шақырым автомобиль жолдары мен 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 144 миллиард 775 миллион теңге бөлінген.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Басы 1-бетте

СЫРДАРИЯ: МОЛШЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ БЕРЕКЕСІМЕН КЕЛДІ

9 айда – 20 миллиард тенге

Жиында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев ел бірлігі мен ынтымағының маңызына тоқталып, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын жеткізді. Сондай-ақ, ол ауданның дамуына зор үлес қосқан азаматтарға алғысын білдірді.

– Қазақта «Әлемнің әміршісі – еңбек» деген керемет сөз бар. Еңбек адамдарына құрмет қашан да жоғары. Биыл Сырдария ауданында 33 145 гектар жерге егін егілсе, оның 19 950 гектары – күріш дақыл. Биыл аудан еңбеккерлері күріштің әр гектарынан 60 центнерден өнім алды. Қамбаға 122 мың тонна астық жиналды. Ал жыл басынан бергі тоғыз айда ауданда 20 миллиард теңгенің өнімі өндірілген. Міне, осындай толайым табыспен келе жатқан Сырдария ауданы кешегі «Алтын күз» мерекесінде облыс бойынша «Егін шаруашылығы бойынша озат аудан» атанды, –

деді облыс әкімінің орынбасары.

Мерекелік концертте ауданның белсенді азаматтары мен түрлі сала қызметкерлеріне облыс және аудан әкімінің «Құрмет грамотасы», «Алғыс хаты» және еңбек адамдарына медальдар табысталды. Салтанатты іс-шарада ауыл шаруашылығы саласының үздіктері мен озаттары марапат тұғырынан көрінді. Солардың бірі – «Қызылдиқан» шаруа қожалығының төрағасы Алданберген Құлбаев.

– Төрағаның бір ғана мақсаты бар. Ол – елдің аузын аққа тигізу. Жағдайды жақсартып, елді жұмыспен қамтамасыз ету. Оның арғы жағында ауылдың ауызбіршілігі жатыр. Міне, осының барлығын ойластырып, халыққа қызмет етіп келеміз. Қазір ауылдардың жағдайы жақсарған. Қала мен ауылдың айырмашылығы қалмады. Қаладағы өркениеттің бәрі ауылда бар. Міне, біздің жетістігіміз, – деді ол.

Бүгінде Сырдария ауданында үлгілі ауылдар жетерлік. Шаруасы шалқыған Нағи Ілиясов және Бесарық ауылдары – республикадағы үлгілі ауылдардың бірі. Салтанатты жиында қарапайым еңбек адамдары төрге шықты. Қоғалықол ауылындағы «Жамбыл – 2030» ЖШС жатқисі Мейрамбек Жетібаев та осы қатардан көрінді.

– Әрине, еңбек майданындағы жұмыс оңай емес. Таңның аты –

етесің. Мына уақытта бару, мына уақытта қайту деген болмайды. Өйткені диканның ала жаздайғы еңбегін жауын-шашынға қарамай, жинап алу керек. Осы еңбекті елеген басшылыққа алғысым мол, – дейді Мейрамбек Жетібайұлы.

Жиында әріптесіміз, Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газеті бас редакторының орынбасары Балтабай Ордабеков те аудан әкімінің арнаулы алғыс хатымен марапатталды.

Жәрмеңке – несібенің молаяр шағы

Ерболат Наурызбаев мұнда Асқар Тоқмағамбетов ауылынан келген. Биыл бал арасын асырап, пайда табамын деп қайтарымсыз грантка қол жеткізіпті. «Сыр балы» деген атпен дайындалған өнімнің 100 келіден астамын жәрмеңкеге арқалай келген.

– Қайтарымсыз қаражатқа биыл ғана қолым жетсе де, бұл кәсіптен біраз тәжірибем бар. Қолыма қаражат тиген соң білек сыбана кірістім. Әрине, бейнеті мол кәсіп. Бірақ пайдасы да жетіп артылады. Бүгін жәрмеңкеде қарапайым халыққа қолжетімді етіп, ешқандай делдалсыз өндірушіден тікелей алатын мүмкіндікті халық пайдалансын деп келдім. Алғысын айтып жатқандар көп, – дейді омарташы.

Расында нөпір халықтың арасынан Ерболатқа тура бет алып бара жатқандарды көзіміз шалды. Адал еңбек қай кезде де несібеге бағыттары анық. Жасы жетпістен асса да бүгін жәрмеңкеге ат арытып Сәкен Сейфуллин ауылынан келген Қалдыгүл Ахметқызы шаруаның қолынан табиғи өнім алғанына қуанышты.

– Балам, мен 6 қап картоп, 3 қап жуа, 1 қап сәбіз, 10 келі алма алып бара жатырмын. Бұрын осының бәрін өзім егетінмін. Қазір балалар жұмыста, өзім біраз жасқа келдім. Енді жәрмеңкеден алып бара жатырмын. Бұрынғы ауылдағы жерасты қоймаларын көбі бұзып тастады ғой. Біз сақтап қалғанбыз. Соған қойып, сақтап, көктемге дейін жейміз. Ауылдың таза өніміне жетпейді, – деді ол.

Кент тұрғыны Айдос Дүйсенбаев та құр алақан қайтқан жоқ. «Күріштің жақсысы – Абзалдікі» деген күйі иығына артып ап, көлікке бара жатыр.

– Інім, енді кеп жатырмын. Қазір 7500 теңгеге күріш алып үлгердім. Қазір тағы аралаймын. Бағаны тұрақтандыру мақсатындағы үкіметтің жасап жатқаны ғой. Енді осындай жәрмеңке көптеп өткізілсе, қалтамыз қағылмайды. Біздің сұрайтынымыз сол, – деді көлігіне қапшықты салып жатып.

Құндылықтар да сөреде

Жәрмеңкеде тек азық-түлік сатылмады. Мұнда аудандық білім бөліміне қарасты 17 мектептен келген колонер шеберлері керемет



сынан күннің батысына дейін уақытпен санаспай еңбек

Дәулет ҚЫРДАН,
Сырдария ауданы

Басы 1-бетте

Отандық автокөлік өндірісі: ӨЗІМІЗДЕН ШЫҚҚАНҒА ҚОЛ ЖЕТЕ МЕ?



Өндіріс көлемін арттыру – нарық талабы

Биылғы дерек әзірге қолға түскен жоқ. Бірақ өндірушілердің былтырғы өнім көлемі көңіл көншітпей тұрғаны рас. 2024 жылы елдегі ресми дилерлер 205 мыңнан астам автокөлікті саудаға шығарған. Ал Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2024 жылы автоөндірушілер 147 131 көлік құрастырғанын хабарлады. Сәйкесінше, 2023 жылы құрастырылған көліктің саны бұдан 2500-ден астам данаға көп. Демек, өндірілген өнім көлемі жыл сайын арту орнына кеміп келеді.

Құрастырылған көліктерді жіктер болсақ, жүк көлігі 22,2 пайызға, автобус өндірісі 6,1 пайызға төмендеген. Мұнан бөлек, 2 141 тіркеме мен жартылай тіркеме, 665 арнайы техника жасалған.

Жалпы алғанда төмендегенімен, жекелей кәсіпорындар арасында өсім байқалады. Мәселен, Қостанайдағы «Allur» кәсіпорны шығарған өнім көлемі өткен жылмен салыстырғанда 0,3 пайызға артық. Олар 2023 жылы 90 515 арнайы техника құрастырған. Алматыдағы «Hyundai Trans Kazakhstan» өнім көлемін 2023 жылғыдан 7,1 пайызға арттырса, «СемАЗ» компаниясы 12,8 пайызға артық жұмыс істеген. Олардан кейінгі орындарда «QazTehna», «КАМАЗ Инжиниринг», «Hyundai Trans Almaty», «Daewoo Bus Kazakhstan», «Уральскагруппремаш» тәрізді мекемелер орналасқан.

Өткен жылы ел арасында «Қазақстанда жасалған» белгісімен шыққан автокөліктердің қатарында «Hyundai» кең тарады. Олардың көпшілігі экспортқа, оның ішінде Өзбекстан мен Қырғызстанға сатылды. Мұнан кейінгі орындарда «Chevrolet» пен «Kia» бар.

– Несиеге рәсімденгеннен соң қарызыңды төлеп боламын дегенше сыр бермейтін көлік іздейсің. Алты ай жүрдік. Бармаған жеріміз жоқ. Жеке адамдардан да, жүрілген көліктерді сататындарды да, дилерлерді де араладық. Көлікті жақсы білетіндердің ақылын алып, «Hyundai Elantra» алдық. Құйындай жүйткіп тұр. Әрине, әркімнің талғамы басқа. Бірақ кандай көлік алсаң да өңірде бар, қосалқы бөлшектері оңай табылатынын іздейсің. Бізге қолайлысы осы болды, – дейді қала тұрғыны Айгерім Мылтықбай.

Әйтсе де, халықтың талғамы әр түрлі. Ел арасында «көпұлтты Қазақстан – «Cobalt»-ты Қазақстан» деген әзіл аралас сөз бар. Қызылорданың орталығынан он автокөлік көрсеніз, оның алтауы – «Cobalt». Кең тараған бұл көлік халыққа тиімді болып тұр. Жолаушы тасымалдап, нәпақасын табатындар үшін де қалтаны қақпайтын, құр шығын тақпайтын деңгейде болғаны шығар.

– Автокөлік алған соң бір айлыққа өмір сүре алмайтынындай біліп, такси қызметін қоса аласың. Тірліктің қамытын мойынға ілгенде бұл тұрақты жұмысыңнан көп табыс әкеледі. Сондықтан жанар-жағармайды аз қажет

ететін, қосалқы бөлшектері арзан және жөндеуі қымбатқа түспейтінін таңдадық. Иә, ол – «Cobalt». Қарапайым седан. Құрастыруы да қарапайым болған соң, жөндеуі де соған сай. Қазір қалада мұндай көліктер көбейді. Бұл – оның тиімділігінен. Көлік аларда өз тәжірибемді көп пайда-



ландым, өкінбеймін, – дейді такси жүргізушісі Аслан Бексейіт.

Модельдер арасында «Chevrolet Cobalt»-тың 33 843 данасы конвейерден түскен. Оның сатылғаны – 26 537. Ал Алматыдағы зауыттан 21 881 дана «Hyundai Tucson» құрастырылса, сатылғаны одан да көп. 22 389 автокөлік. Өткен жылдан қалғаны да кәдеге асып, нарықты жаулап тұр. Көпшілік сұранысына мұнан кейінгі орынға «Kia Sportage», «Hyundai Elantra» және «Jetour X70» жайғасқан. Міне, көрдіңіз бе, көпшілік құр сұлдері қалған көне көліктерінен күдер үзіп, жаңасын мініп жүр. Бұл – халықтың жағдайының жақсарғанынан да болар...

Жаңа кәсіпорын – отандық автопарктің жаңаруына сеп

Айтпақшы, біз осы жерде айттып өткен «Kia Sportage» жайлы бірер сөз. Мемлекет басшысы осыдан екі жыл бұрын Қостанайға сапары кезінде «KIA Sportage» автокөлігінің өндірісі іске қосылғанын айтқан болатын. Бұл – өзінің нарықтағы орнын айқындаған модель. Биыл таяуда ғана «KIA Motors» корпорациясымен жасалған келісімге сәйкес зауыт ашылды. Әріптестіктің сәтті болғаны анық. Қасым-Жомарт Тоқаев «KIA Corporation» президенті Хо-сунг Сонға және компанияға шынайы ризашылығын білдіріп, ауқымды жұмыс атқарылғанын, нәтижесінде өзара тиімді және жемісті байланыс нығая түскенін атап өтті.

– Бұл оқиға Қазақстан мен Корея арасындағы стратегиялық серіктестік пен табысты қарым-қатынастың жарқын көрінісі екені анық. Корея Республикасы – Қазақстанның Азиядағы сенімді әріптесі. Біз ынтымақтастығымызды күшейте түсуге мүдделіміз. Қазір Қазақстанда Кореяның 800-ден астам компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Соның ішінде автокөлік жасау саласын өзара тиімді ықпалдастық көзі деп айтуға толық негіз бар. Бүгін ашы-

лып жатқан бірегей зауыт – соның айқын дәлелі. «KIA» корпорациясы автомобиль шығаратын әлемдегі 10 ірі компанияның қатарына кіреді. Сондай-ақ «KIA» – Қазақстан азаматтары ең көп сатып алатын үш көлік маркасының бірі. «KIA» брендінің атауы «көтеріліп келе жатқан» және «Азия» деген екі иероглифтен құралуының символдық мәні бар. Шын мәнінде, компания Азияның жаңа экономикалық өрлеуі мен гүлденуінің жарқын көрінісіне айналды. «KIA» – келешектің корпорациясы. Кәсіпорын шығаратын автокөліктерде озық технология, тартымды дизайн және жоғары деңгейдегі сенімділік үйлесім тапқан, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «KIA» компаниясы әлеуметтік жауапкершілік аясында адам капиталын дамытуға белсенді түрде инвестиция салып келе жатқанына тоқталды.

– Өлемдік автоалпауыт еліміздегі зауытты іске қос-

еліміздің индустриялық әлеуетін күшейтеді. «KIA» зауыты қазақстандық автоөнеркәсіптің өркендеуіне тың серпін беретініне сенімдімін. Жаңа кәсіпорынның жұмысы отандық автопарктің жаңаруына септігін тигізеді. Ол қалалар мен күре жолдардағы жол қозғалысы қауіпсіздігіне оң әсер етеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, енді азаматтардың автокөлікті лизингпен алуы дамиды. Ал бұл қолжетімділікті арттырмақ. Оның айтуынша, елдегі «KIA Qazaqstan» зауытының іске қосылуы осы саланы технологиялық тұрғыдан жаңғыртуға зор серпін береді. Өлемдік озық талаптарға сай көліктерімізді сыртқы нарыққа, яғни шетелге шығаруға мүмкіндік те артады.


– Қазақстан жаһандық автокөлік өнеркәсібінің дамуына бар күш-жігерін салуға дайын, – деді Президент.

Бұл зауытты салуға шешім 2023 жылы қабылданған. Бүгінде кәсіпорын Қостанай қаласының индустриялық аймағындағы 62,95 гектар аумақта орналасқан. Қуаттылығы жылына 70 мың автокөлік өндіруге жетеді. Қазір бұл зауытқа 131,5 миллиард теңге инвестиция салынған. Осы күні мың жарымға тарта адам жұмыспен қамтылған зауыттың өнімдері өзімізге, Орталық Азия және ЕАЭО елдерінің нарықтарына шығарылады.

Қостанайдағы зауытпен қатар, Алматыдағы «Astana Motors Manufacturing Kazakhstan» зауыты 90 мыңнан аса «Chery», «Changan» және «Great Wall Motor» (Haval, Tank) модельдерін құрастырады екен. Әрине, бұл да – едәуір жетістік.

Көне көліктен құтылуға көп уақыт керек

Әрине, жаңаның аты – жаңа. Зауыттан жаңа шыққан тұлпарды тізгіндеуді кім жақсы



арқылы қызметкерлерге қамқорлық – ұйым мәдениетінің маңызды бөлшегі екенін көрсетеді. Бұл шынайы құрмет пен ниеттестік ортасын қалыптастырады. Жұмысшы мамандарға дәл осындай қарым-қатынас қоғамда еңбекқорлық пен әлеуметтік әділдік құндылықтарының орнығуына септігін тигізеді. Зауытта өндіріс локализациясына екпін қойылып отыр. Бұл шығарылатын өнімдегі қазақстандық үлесті едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Сарапшылардың есебінше, автозауыттағы әрбір жұмыс орны логистика, сервис, инфрақұрылым салаларында жанама түрде бесалты адамды жұмыспен қамтуға ықпал етеді. Бұл – жай ғана өндіріс желісінің кеңеюі емес, толық өнеркәсіп кластерін қалыптастыру үшін жасалған зор қадам. Мұндай жүйеде шағын және орта бизнес тұрақты дамуға мүмкіндік алады. Өндірісті ұйымдастырудың осындай кешенді тәсілі Қостанай облысының ғана емес, тұтас

көрмейді? Алуын алдың, артында зор жауапкершілігі бар. Соғып алсаң, сан соғасың. Қалтадағыны үнемдеудің жолын іздеп кеткен көпшілік қайсыбір жылы шетел асып, көлік арқаалап кетті. Оның кейінгісі заңдық тұрғыда томпақ көрінген.

– Мініп жүрген көлігімнің за-

уыттан шыққанына 30 жылдан асып кетіпті. Кеше автосалондарды аралап, алғашқы жарна ретінде пайдаланып, әрі қарайғысын несиеге жатқызайын деп шештім. Көлік көп, көрген көз тамсанады. Түрлі функциясы бар. Қай-қайсысында да адамға жағдай жасалған. Қызығасын. Бірақ ескі көлігімді тым арзанға бағалады. Мен оны нарықта саудаға сәтті шығарып, сатар болсам 2 млн теңгеге бағаланар еді. Бірақ автосалонда оны 1 млн теңгеге де жеткізбеді. Амалсыз, бір сәті түсер деп кейін қайттым. Банк арқылы алған соң оның негізгі құнына әжептәуір сома қосып қайтарасың. Сол себепті, мен оған дайын емес екенмін, – дейді қала тұрғыны Жандос Қыдырбек.

Жандос тәрізді көне көліктен арылып, жаңасына қолы жетпей жүргендер қаншама. Өткен жолғы жеңілдетілген пайызбен беретін автокөліктердің де жай-жапсарына қанықсаңыз, қалған пайызды негізгі құнына қосып жіберген де деректері анықталды. Ал сол жеңілдетілген пайызға жете алмай, кезектің соңында мойын созғандары қаншама?! Кейбір «сыйақы» беріп, төтесінен жол табатындарды да ескерсек, мұнда да тауы шағылып, көне көліктің тізгініне қайта отырғандарды да көп кезіктіресіз.

Негізінен әлемде көлік шығаратын зауыттар әр елден 4 миллионнан астам адамды жұмыспен қамтиды екен. Бұл жағынан екі қолға бір күрек беруде алда екені даусыз. Салық базасын нығайтуға да, ішкі жалпы өнімнің артуына да барынша ықпалы бар. Десек те, өнімді, яғни автокөлікті халыққа тиімді бағада ұсыну жолын әлі де қарау керек тәрізді.

Автокөлік өндірісі өз алдына бір кешен секілді. Бұл саланы дамыту арқылы өнеркәсіпті дамытамыз, оған мобильділік пен адами капиталды дамытуды қосыңыз. Автокөлік өнеркәсібі қолға алынған елде металл зауыттары мен қосалқы бөлшектерді шығару, шыны, доңғалақ тәрізді қосымша өнімдерді өндіру ісі жолға қойылып, мұндай зауыттарды іске қосу қажеттілікке айналады.

Түйін. Ауланы басына көтере бір көлік ыңыранып, төбе басына шықты. Ауылдағылар «Ғабан ғой» деді бір-біріне қарасып. Жарықтық, көліктің сау тамтығы қалмаған. Түтін шығар түтігінің өзі қай жолда қалғаны белгісіз. Көлемі шағын болғанымен, дауысы мен түтіні әлемді алады. Көз ашқалы осы көліктің тізгінінде. Басқасына оның шамасы да жетпейді. Сандарды сөйлетсек, елде біраз бұрын 5 млн-ға жақын көлік бар дейтін. Оның 2 млн 200 мыңға жетер-жетпесі көнелер қатарына жатады. Соның бірін осы Ғабан мініп жүр. Басқасын білмеймін, ал Ғабанның таяу маңда жаңа көлік алмайтынына өзім кепілмін. Ал басқалары ше?! Қарапайым халыққа қолжетімді көлікке қолдың қашан жететіні беймәлім?! Өзімізде шыққаннан иегіміздің қышып жүргені рас...

Аян СПАНДИЯР



САУАПТЫ САУДАЛАҒАҢДАР

Басы 1-бетте

Ертеде бір ақсақал алып қаланы аралап жүрсе, бір жерде қырғын кезек боп жатқан көрінеді. «Бұл ненің кезегі?» деп сұраса, біреуі тұрып «жұмақтан жер сатып алып жатырмыз!» деп айтады дейді. «Ә-ә, онда мен кезексіз кірейін, тозақты сатып алғалы келіп ем» деп қария әлгі жерде кимелеп, ішке кезексіз кіріп кетіпті.

Кірсе, бір топ алаяқ салақұлаш тізім жасап қойып, надан тобырға жұмақтан «орынды» оңды-солды сатып жатыр екен. Ақсақал тозақты тұтастай сатып алатынын айтыпты. Таза ақымақтың өз аяғымен келгеніне қуанып кеткен алаяқтардың басшысы аузына түскен бағаны айтып, «тозақты 10 мың күміс ділдаға сатамын» дейді. «Жарайды, тек заңды түрде құжаттандырып беріңіз» дейді ақсақал. Қолында бір діннің жоян мөрін ұстап отырған алаяқ лезде заңдастырып, жымдастырып, тозақты тұтастай қарияның атына аударып беріпті.



Сосын не болды дейсіз ғой... Сосын қолында заңды құжаты бар ақсақал сыртқа шығып, қырғын кезекте иттей ырылдасып тұрған надан тобырға қарап «Әй, халайық! Міне, мен тозақты тұтастай сатып алдым! Енді сендерді қаласаңдар да, қаламасаңдар да жұмаққа кіргізеді. Тозаққа ешқайсыңды қабылдамаймын!» дейді айғайлап. Сол-ақ екен, әлі Жұмақтан орын алып үлгермегендер үйлеріне тарасып, орын алып қойғандар ақшаларын қайыра сұрап, әлгі жерде у-шу болады да қалады. Мәселенің ушығып бара жатқанын сезе қойған алаяқтар әлгі қариядан тозақтың «заңды құжатын» қайтарып беруін өтінеді. Оған бере салатын ақсақал ма, «Ойбай, сатпаймын! Өзіме керек» деп ат-тонын ала қашады. Екі оттың ортасында қалған алаяқтар амалсыздан тозақты қайта сатып алғысы келетінін айтып, аяғына жығылып жалбарын-



са да «құжатты» кері қайтара алмайды. Осылайша қария адамдардың ашкөздігі мен соқыр сенімін әжуалап, ой салып кеткен деседі.

Мұнымыз ойдан шыққан қалжың екені рас. Десе де осыған ұқсас жайт елімізде, дәлірек айтқанда Шымкент қаласында орын алды. Танымал әзілкеш, әртіс Ғалымжан Құрманбек жүргізген іс-шаралардың бірінде «жұмаққа талон» сатқан бейнежазба желідегі жұртты дүр сілкіндірді. Ол «жәннатқа асығайық!» деп тоқтаусыз қайталаған дәл сол шарада құны миллионнан бастап елу миллионға дейін билеттер сатылғаны жайлы ақпарат ертеңіне сайт беттерінде сайрап жатты.

Бейнежазбаны көрген көпшілік қауым «Мына жолдаманы алған соң бірден кету керек пе сонда?», «Дамыған ел айға ұшып жатса, бізде жәннатқа билет сатып жүр», «Дінді қаржы пирамидасына айналдырып жіберіпті», «Жұмаққа кіре ме, кірмей ме, қалай біледі?», «Алланың өзі кешірсін бұларды» деп жарыса пікір білдіріп жатты.

Кейін бейнежазбаға Қазақстан Мұсылмандар Діни

Басқармасының өкілі, «Шариғат және пәтуа» бөлімінің маманы Елбек Тасболатұлы түсініктеме беріп, мұсылман адамның жұмаққа кіру жолы тек игі амалдармен айқындалатынын атап өтті.

– Жоғарыда аталған бейнеде айтылған сөздерді тіке қабылдағандықтан, түсініспеушіліктер пайда болған сияқты. Шындығында, бұл дұрыс түсіндірілсе, не айтқысы келгені анықталады. Алла еліміздің қауіпсіздігін сақтап, халқымызға бейбітшілік сыйласын, – деп түйіндеді ол.

Ал білікті психолог Ақмарал Орынбаева бейнежазбаға қатысты былай дейді:

– Қай істі қандай ниетпен жасаса да, «жұмаққа билет алды» деп жариялау – өте қате тұжырым. Жұмақ – Алланың рақымымен ғана нәсіп болатын мекен. Мұндай сөзді естіген жұрттың бәрі дұрыс түсіне бермейді, әсіресе діни сауаты терең емес жандар түрліше қабылдауы мүмкін. Мен психология саласында 30 жылдан аса тәжірибесі бар маман ретінде айтамын – адамдармен күнделікті тығыз жұмыс жасаймын, олардың ойлау жүйесі мен ішкі қабылдау ерекшеліктерін жақсы білемін. Сондықтан сөзді абайлап, орнымен қолдану – өте

Қоғамда «мешіт немесе медресе салсаң – бар күнәң кешіріліп, жұмаққа жол ашылады» деген түсінік қалыптасқан. Алайда ислам дінінің негізгі қағидаттарына сүйенсек, бұл түсінік толық емес. Дін ғимарат тұрғызу арқылы емес, шынайы ниет пен қоғам игілігіне бағытталған амал арқылы өлшенеді. Төлеби қажы Дәділұлының айтуынша, шариғатта «үздіксіз садақа» деген ұғым бар. Бұл – адам өмірден өткеннен кейін де сауабы үзілмей жалғасатын ізгі амалдар.

манызды. Себебі бір ауыз сөз кейде жақсылыққа емес, керісінше адасуға себеп болуы мүмкін. Елді шатастырмау – әрқайсымыздың жауапкершілігіміз. Игі іспен жарысайық, шын ықыласпен көмектесейік, Алла қабыл етсін, мол сауаттан жазсын. Бірақ бұл істерді «жұмақты сатып алдық» деп емес, шынайы иманмен, үмітпен және сабырмен атқарайық. Жәннәт – саудаға салынатын зат емес. Ол – Алланың мейіріммен, иманмен, ниет пен амалдың жемісі. Ақшамен емес, жүректегі ықыласпен, ізгі іспен, шынайы тақуалықпен ғана қол жеткізілетін нығмет. Сондықтан жәннәтті «сатып алды» деу – сенімге де, шариғатқа да сыймайтын сөз. Абай болайық, мұндай дүниелерді тарату – адамдарды шатастыруы мүмкін. Жәннәт – ақшасы бардың емес, Алладан қорқатынның мекені. Қалтаның қалыңдығы емес, жүректің тазалығы апарарды жәннәтқа, – дейді психолог.

Қош. Айтпағымыз әлі бар. «Сіздің садақаңыз медресенің кірпіші болып қаланатындығына сенімдіміз. Медресе салу ісі – адам өмірден өтіп кетсе де сауабы үзілмей барып тұратын амал. Өзіңнің немесе ата-ананың атынан садақа бер. Баршаныңды медресе құрылысына атсалысуға шақырамыз!..» Осынау мәтін, осы сөздер сізге де таныс болар...Әлеуметтік желінің қай-қайсында болсын мешіт немесе медресе салу үшін көмек сұрап жар салған жарнамадан көз сүрінеді. Тіпті кейінгі уақытта әлеуметтік желіні қойып, «YouTube»-қа, одан қалды түрлі ойын ойнау барысында шығатын жарнамаға көшті. Ал мұнша жарнаманың құны қанша тұрады?

Қоғамда «мешіт немесе медресе салсаң – бар күнәң кешіріліп, жұмаққа жол ашылады» деген түсінік қалыптасқан. Алайда ислам дінінің негізгі қағидаттарына сүйенсек, бұл түсінік толық емес. Дін ғимарат тұрғызу арқылы емес, шынайы ниет пен қоғам игілігіне бағытталған амал арқылы өлшенеді.

Төлеби қажы Дәділұлының айтуынша, шариғатта «үздіксіз садақа» деген ұғым бар. Бұл – адам өмірден өткеннен кейін де сауабы үзілмей жалғасатын ізгі амалдар.

– Қоғам игілігіне қызмет ететін мешіт пен медресе тұрғызу, мектеп пен аурухана салу, құдық қазу, көпір орнату сияқты жұбалар – үздіксіз садақаға жатады. Мұндай істердің сауабы адам өмірден өткен соң да жалғаса береді, – дейді ол.

Демек, тек діни нысан салу емес, адамзаттың қажетіне жарайтын кез келген іс – сауаптың кілті екенін жадымызда сақтайық. Яғни, жұмаққа жол салатын нәрсе – медресе мен мешіттің құрылысында ғана емес, жүректегі ниет пен қоғамға тигізген пайдада жатыр.

Біз – зайырлы мемлекетпіз. Бұл дегеніміз – мемлекет пен діннің істері бөлек, дін ешкімге міндеттелмейді және діннің атын жамылып, коммерциялық қызмет жүргізуге заңмен тыйым салынған. Мәселен, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңға сәйкес, діни әдебиетті тарату тек арнайы тіркелген орындарда ғана жүзеге асуы керек. Діни атрибуттар мен материалдарды рұқсатсыз сату немесе тарату – заң бұзушылық болып саналады.

Алайда тәжірибе жүзінде мұндай шектеулерді айналып өтетін жағдайлар жиі кайталануда. Жуырда ғана блогер Аякөз Асқарова әлеуметтік

желіде өз ойынан шығарған «ғажайып дұғаларын» сата бастағаны үшін қоғамның сынына ұшырады. Ол парақшасында оқырмандарына арнайы ақылы топқа қосылуды ұсынған.

– Бұл топта бір ғана дұға берілмейді, бұл топта көптеген дұға айтылады. Дұғаның әдебі айтылады. Алладан қалай дұрыс тілеу керек екені айтылады. Көптеген ақпарат дәл осы менің 1000 теңгелік хит болған арнамда айтылады және сыйлықтар ойнатылады. Төлем жасаған жандар, төлем жасап болғаннан кейін бірден түбіртек жіберіңіздер, – деп жазды блогер парақшасында.

Аякөз Асқарованың айтуынша, ол тек дұға мәтінін беріп қана қоймай, оны оқудың тәсілдері мен уақытын да түсіндіріп отырған. Блогердің бұл әрекеті әлеуметтік желіде қызу талқыға түсті. Көпшілік мұны дін арқылы табыс табу деп бағалады.

– Дұғаны сату – адам сенімін пайдалану. Бұл әрекет – дінге емес, ақшаны бірінші орынға қою. Бұл – цинизмнің ең шектен шыққан түрі, – деп жазды желі қолданушыларының бірі.

ҚМДБ өкілдері бұл жағдайға қатысты ресми пікір білдіріп, дұғаны сату – шариғатқа қайшы іс екенін ескертті.

– Дұға – адамның Жаратушымен рухани байланысы. Оны ешқашан саудаламайды. Дұғаны сатып алу немесе сату шариғатқа қайшы. Мұндай әрекеттер халықты адастырып, дініміздің асыл құндылықтарын табыс көзіне айналдырады. Әрбір мұсылман шын көңілімен өзі дұға ете алады, ол үшін ақша төлеудің қажеті жоқ, – делінген ҚМДБ хабарламасында.

Сауапты саудаға салғандар қатары мұнымен тоқтаған жоқ. Бірі дұға сатса, енді бірі «Ақша салсаң, дұғанды Қағбада оқып беремін» деп айды аспанға бір-ақ шығарды. Әлеуметтік желіде өзіне ақша аударған адамдардың дұғасын Меккеде, Қағба алдында оқып беремін деген әйелдің әрекеті көпшіліктің ашу-ызасын туғызды. «TikTok»-та тараған бейнежазбада хиджабтағы әйел:

– Есепшотыма садақа салған адамның дұғасын, Қағбаға қарап тұрып тікелей эфирде оқып берем, – дейді.

Сондай-ақ байқауымызша ол жалғыз емес, жанында кезекпен дұға оқып беретін қыздардың барын да айтады. Бұл бейнежазбаны көрген желі қолданушылары танданысын жасыра алмай, олардың әрекетін дінді саудаға айналдыру деп бағамдады.

Рас, діни тақырыпта блог жүргізетін әлеуметтік желі блогерлерінің саны күрт артты. Кейбірі насихатты адал ниетпен жүргізсе, енді бірі жеке танымалдық пен пайда табуға ұмтылатыны жасырын емес.

Дін өкілі әрі блогер Жанәділ Райымбековтың видеосы да әлеуметтік желі беттерінде қызу талқыға түсті.

– Жеті жүз мың ақша бересің, жеті миллиардтың проблемасын шешесің. Жеті жүз мың теңге бересің, жеті миллион теңгенің бәлелерінен құтыласың. Пайғамбарымыз жәннатты сатып алды деген бір сахабаны көрсетті. Ол анау сахаба жәннәтты сатып алды деген.

Жәннәтті сатып алатын адамдар болады. Қажылыққа 7 мың доллар ақша беріп, жәнәттық болып келетін адамдар болады. Олар жәннәтті тірі кезінде сатып алған адамдар, – дейді бейнежазбада.

Дін өкілінің бұл сөзі біршама қоғам белсендісінің ашу-ызасын оятты.

Иә, садақа беруге, мұқтаж жандарға қол ұшын созуға насихаттау – дұрыс әрі сауапты іс. Бұл қоғамды мейірім мен ізгілікке шақыратын құндылықтардың бірі. Дегенмен кейде мұндай игі амалдарды орынсыз уәделермен үгіттеу немесе оны жұмаққа жол ашатын «кепілді билет» ретінде көрсету қате түсінікке жетелейді. Себебі ешкім ешкімнің о дүниелік мекені тозақ не жұмақ болатынына кепілдік бере алмайды. Ал үкім шығарып, «жұмақты сатып алды» деп шешім айту – дінге қайшы әрекет.

Дін – адамзаттың рухани тірегі. Оны бизнес пен пайда табудың құралына айналдыру – сенімге сатқындық. Сондықтан сауапты іс жасауға үндей отырып, адамдардың сенімі мен ниетін саудаға салмайық. Жұмаққа апарар жол – шынайы сенім, адал еңбек және қоғамға тигізген пайдада.

Аружан ОРАЛБАЙ

Экономика: ҚҰЛДЫРАУ МЕН ҚҰБЫЛУ

Басы 1-бетте

Саяси сахнадағы экономикалық сілкініс

Өткенге шолу жасасақ, 2008 жыл әлем елдері үшін жаппай экономикалық дағдарыс ретінде басталғаны еске түседі. Қай жерден, кім, қашан, қалай қателесіп кеткені белгісіз, бірақ әлем бір «тізерлеп» алуға мәжбүр болды. Мемлекет арасындағы өзара ынтымақтастықтың байланысы нығайғанымен өндіріс тоқтады, бар деген күннің өзінде шығын көбейді. Валюталардың да бағасы күнделікті тақталарда мың құбылды. Қайда барып тоқтарын білмеген доллар секілді әлемдік валюталарға бағынышты елдердің жандары шүбірек ұшында түйулі тұрды.

Жалпы өзгеріс толқыны әлемдік рецессиядан кейін келген жаңа экономикалық бағытқа қарай бой түзумен ерекшеленді. Анығы бұл салаға атүсті қарап келген түсініктер ада қалып, енді шындық көзімен қарау, бәрінің қиын екенін, оңай дүниенің аспаннан салбырап түсе қалмайтынын қай ел болмасын жақсы түсіне бастады. Осы толқынды бастапкешіп жатқан кезде жаһандық өзгерістің өзі-ақ келе салды.

Бұл өзгерісті төртінші өнеркәсіптік төңкеріс ала келді. Экономикалық өзгерістің, төртінші әлемдік төңкерістің артында тек оң жолға бағыт алатын із тұрған жоқ. Оның артында бірнеше мәселенің ұшы да көрінді. Мәселен, осы төңкеріске бейімделу үшін мемлекеттер арасында жасалған реформалардың өзі халықтың есін шығарды. Ілесе алмаса да, ілініп кетуге тырысқан елдердің экономикасы құлдырап, байыппен анық басқандардың асығы алшысынан түсе қалды. Бұл біз көріп отырған мәселенің бірі ғана. Келесі мәселе – көрші мемлекеттер арасындағы экономикалық шиеленіс пен бір-бірінің алдындағы қарыздарының өсуі. Шындығында, бұл әсер көзге ұрып көрінді. Қай елдің болмасын ішкі және сыртқы саясатындағы экономикалық қарыз мөлшерінің асып кетуі келесі бір елге әсерін тигізді. Бұдан бөлек демографиялық ахуалдың да ұшы жылт ете түсті. Ақыры жағаға келіп ұрылған төртінші өнеркәсіптің төңкеріс толқыны түрлі ынтымақтастығы берік елдер арасындағы және қауымдастық арасындағы экономикалық интеграцияның күшеюіне алып келді.

Сөз басында аспан асты елін дәлел үшін алға тарттық. Расында ұлы елдің де тығырыққа тіреліп, құлдырайтын тұсы болды. Оның біріншісі – 2019 жылы келген COVID-19. Ал екіншісі – жергілікті үкіметтердің қаржылық жағдайы. Қаржы тапшылығы соңғы уақытта жергілікті билікті шығындарды қысқартуға мәжбүр етті. Мысалы, шенеуніктердің жалақыларын азайту немесе салықтық төлемдерді қудалау арқылы табыс табуға тырысу. Мұның ешқайсысы экономикалық өсімге жақсы әсер етпейді.

Осындай мәселелер үшін жыл сайын әлемдік қауымдастықтардың алдында бірнеше мәрте экономика саласы бойынша кездесулер, өзара байланыс орнатуға бағытталған конференциялар, дүниежүзілік форумдар жиі ұйымдастырылды. Адамзат алдындағы үлкен қауіп-қатердің алдын алу туралы мәселелер талқыланды. Бұл – әлемдегі ахуал еді. Бірақ бұл талқылаудың басы-қасында Қазақстан да болды. Себебі экономикалық өсу жағынан әлі де болса дамушы ел ретінде тіркелген Қазақстан Республикасы да өзінің халқын, оның әлеуметтік мәселесін шешу жолында күрсуге дайын тұрды.

«Біздің ел...»

Қазақстандағы экономикалық дағдарыс мәселесі бүгінгі таңда қоғамның барлық деңгейінде, түрлі сахналарда, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та, лауазымды тұлғалардың отырыстарында талқылануда – бұл оның мойындалғанын білдіреді. Енді бұл түйінді мәселені жабулы қазан күйінде қалдырмай, тағдырын оң шешу маңызды. Керісінше жағдайда, яғни бұл мәселенің легитимділікке ие болмауы, ресми түрде назар аударылмауы балама ұсыныстардың тууына, қайшылықтарға, әлеуметтік шиеленіске итермелеуі әбден мүмкін. Дағдарыс кезінде күнкөріс шегінде өмір сүріп жатқан тұрғындардың әлеуметтік жағдайы мүлдем құлдырап, нашарлауға бет алады.

Өріден ақтарсақ, Қазақстан 1991 жылдан бері бірнеше әлемдік форумның мүшесі әрі белді өкілі ретінде қатысты. Осы жолда «2030», «2050» секілді дамуға бағыт алған, бәсекеге қабілетті елдердің отыздығына ену үшін жасалған стратегиялық мақсатты алға қадам басты.

Аталған жобаны жүзеге асыру үшін тек импорт пен экспорт саласының жеткіліксіз екені анық еді. Бұл жерде сыртқа шығатын мұнай мен астық өнімдерінің үлесі, бізге сырттан кіретін күнделікті тұрмысқа пайдаланатын өнімдерден аз болғаны белгілі. Себебі тәуелділік алдымен көлікке керек жанармайға емес, халықтың әлеуметтік мәселесіне бағытталады. Сол себепті де шағын және орта бизнесті дамыту бойынша «Бизнестік жол картасы – 2020» бағдарламасы ұсынылды. Бұл бағыт бойынша елдегі кәсіпкерлік саланы дамыту көзделді. Неге?

Экономикада дамыған елдердің алға озуы мен олардың бой көрсетуі біз айтып өткендей, мемлекеттік өндіріске емес, жеке кәсіпкерлердің

дөңгелетіп отырған жеке саласына, жалпы мемлекеттік орта бизнесіне тікелей бағытталған. Біздің бұл жердегі үлесіміз 50%-ға жетпегендіктен, әлі де болса ақап келеміз. Дегенмен өсу мен қарқын, ынта бар. Ал дамыған елдердегі бұл көрсеткіш 50-ден әрі асып жығылып, тіпті 80-ге жеткендері бар.

Жалпы алған кезде әлемдік дағдарыстан кейінгі қайта жаңғыру жолындағы дәуірлеудің ортасында Қазақстанның ішкі нарығы барынша тұрақтылыққа ұмтылды. Халықтың әл-ауқатын жақсарту секілді түрлі мемлекеттік жобалар мен бағдарламалар жүзеге асырылды: «Модернизация 3.0», «Индустрия 4.0» және «Цифрлы Қазақстан».

Бұдан өзге АҚШ-тың кейінгі бір жыл ішінде салған санкциялары Қазақстанға да әсер етпей қоймайды. Себебі біздің ұлттық валютамыздың доллармен күресуге не теңесуге әлі шамасы жетпейді. Сондықтан алып державалар арасындағы текетірес кезінде ұтылып қалып жатқан, екі түйенің ортасында өлген шыбын секілді күй кешіп жатыр.

Бәрін қойшы, болжам бойынша Қазақстанда 2025 жылы мемлекеттік бюджет кірістері 10 пайызға артады екен. Ғажап! Ұлттық экономика министрлігі Қазақстанның 2025-2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын жаңартқан екен. Сол құжаттағы мәліметке сенсек, ЖІӨ бойынша жоспар ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, сауда салаларының дамуы нәтижесіне қарай орындалады.

«Қазақстан экономикасы дамуының макро-экономикалық параметрлерін болжамдау бойынша базалық сценарий барреліне 75 доллар деңгейіндегі мұнай бағасына сүйене отырып есептелген. Нәтижесінде экономиканың орташа жылдық өсуі 5,4 %-ды, оның ішінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісінің өсуі орта есеппен тиісінше 5,3% және 5,6 % деңгейін құрайды», – деп көрсетілген құжатта.

Экономикалық интеграция туралы

Экономикалық интеграция – түрлі елдің ұлттық шаруашылықтары арасындағы ынтымақтастық және олардың толық немесе ішнара бірегейленуі. Одан бөлек осы елдер арасындағы сауда кедергілерінің жойылуы және біртұтас одақ құра отырып, жеке дара елдердің экономикасын жақындастыру. Мысал ретінде Еуро Одақ (ЕО) пен Еуразия экономикалық одағын (ЕЭО) қарастыруға болады.

Қазақстанның экономикалық интеграциясы ретінде Еуразия экономикалық одағын көруге болады. Яғни, бірнеше мемлекеттің ортақ одақ құра отырып, өзара саяси-экономикалық жактан ынтымақтастық танытуы.

Осы бағытта Кедендік одақ пен біртұтас экономикалық одақ құра отырып, алдыға серпіп алу мәселесі шешімін табуға талпынып жатыр. Айта кету керек, экономикалық интеграция бірнеше мемлекеттің одақ құруы және өзара байланысы. Бұл жерде бір елдің үстемдік орнатуы болмайды. Ал егер үстемдік орнатылған жағдайда келісім бұзылады және әркім өз елінің мүддесі жолында әрекеттер жасайтын болады.

Қазақстан экономикалық жактан өсу жолында бірнеше мемлекеттің одақтас ретінде интеграция құру жолында келе жатқан ел. Бұл жағынан келген кезде БАҚ беттерінен Еуразия экономикалық одағы туралы ақпарат көп оқимыз. Біріміз пайдасын айтсақ, біріміз керісінше керегі жоқ екенін алға тартамыз.

Ұтарымыз қайсы?

Таяқтың екі ұшы барын ұмытпайтын болсақ, кез келген жағдайда ұтуға да, ұтылуға да болады. Бұл сол мемлекеттің стратегиясына тікелей байланысты. Еуразия экономикалық одақтың негізгі алға тартып отырған алғышарты – 200 миллионға жуық халық мүддесіне жұмыс жасау. Яғни, бұл жердегі одақтас мемлекеттердің халық саны есепке алынып отыр. Бұл



жағынан келген кезде Қазақстан үшін экспорттық өсу байқалуы керек. Одан бөлек көрші Ресеймен жақын аймақтағы елдердің дамуы қарқынды өсуі тиіс. Бір сөзбен айтқанда, шағын және орта бизнеске есік айқара ашылады. Экономикалық интеграция арқылы Қазақстан Кедендік одақ бойынша, одақ құрылғанға дейінгі табыс көрсеткішінен асып түскен. Бұл – нәтиже бар деген сөз.

Алайда, нәтиженің бәрі жақсы болғанымен, Қазақстанның шама-шарқы келмейтін тұстары да бар. Бәрін атап көрсетпеген күннің өзінде, біздегі кәсіп саласының, кәсіпкерлердің Ресей мен Беларусьқа қарағанда бәсекеге қабілетті болмай шыққаны көрініп-ақ тұр. Біздің сыртқы бәсекеге қабілеттен бұрын, отандық өнімдерді өндіру, ішкі нарықты қалыптастыруда кәсіпкерлердің бәсекесі өте төмен. Сондықтан бәріне бірізді және атүсті қарауға жол жоқ.

Экономикалық интеграцияны дамыту үшін және оны тұрақты түрде жүзеге асыру үшін одақтас елдердің бірі артта, бірі алда озып кетуге жол бермеу керек. Әр ел өзіне тиісті мүдделі пайыздық көрсеткішті алуы керек және сол жолда аянбай еңбек етуі керек. Жоғарыда атап көрсеткендей, егер артқа тартып тұрған мәселенің бірі кәсіптің бәсекеге қабілетті болмауы болса, барынша кәсіп саласына мән беру керек. Мейлі ол шағын не орта бизнес болсын, пайда табуға, отбасын асыруға, отбасы арқылы мемлекетті де көрейтуге ұмтылуы тиіс. Бұл жерде айта кететін нәрсе, экономиканы дамытуы дамытып, бірақ оның идеологиялық стратегиясын да сырт қалдыруға болмайды. Себебі ақша да белгілі бір миссия жолында, мүдде жолында табыс әкелуі керек және сол жолда жұмсаулы тиіс.

Ел дамуы экономикалық факторларға тікелей байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бірінші бағдары жаңа экономикалық саясатқа бағытталған. Ол макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес пен адам капиталын дамыту. Яғни, экономикалық саясатымыздың негізгі мақсаты – сапалық және инклюзивтік тұрғыдан халықтың әл-ауқатын арттыру.

2025 жылы экономикасы дамыған елдерге БҰҰ сараптамасы бойынша: Батыс Еуропа елдері түгел, АҚШ, Канада, Жапония, Австралия, Жаңа Зеландия, Израиль, Оңтүстік Африка Республикасы, сол сияқты өтпелі экономикалы елдерге Шығыс Еуропа мен ТМД-ның кейбір елдері жатады.

Дүниежүзі бойынша олардың жалпы саны 50-ден астам, ал қалғандары дамушы елдер болып табылады. Бұл топтағы елдер өз кезегінде ішкі айырмашылықтары мен

экономикалық даму деңгейіне, тарихи ерекшеліктері мен даму дәрежесіне қарай бірнеше топшаларға бөлінеді. Мысалы, дамыған елдер типологиясы құрамынан төрт топшаны бөліп көрсетуге болады. Олардың түгелдей дерлік экономикалық-әлеуметтік даму деңгейі мен экономикалық әлеуеті жоғары.



Экономикасының құрылымы мен оның халықаралық географиялық еңбек бөлінісіне қатынасу дәрежесімен және әлемдік өндірістергі бұл елдер үлесінің қомақты болып келуімен сипатталады.

Жастардың экономикалық сауаты қандай?

Иә, бұл тақырып қозғалғанда «Қазақ жастарының экономикалық түсінігі қандай және бүгінгі жастардың экономикалық сауаттылығы қай дәрежеде?» деген заңды сұрақ туындайды. Осы сауалға қатысты экономист, аға оқытушы Гүлия Кенжебекқызы пікірімен бөлісті.

– Жастар – біздің болашағымыз! Олай болатын болса бүгінгі жастар ертеңгі біздің ізбасарлар, мемлекетіміздің тірегі. Жастардың сауаттылық дәрежесіне келсек олар өте алғыр, үлкен асуларға шығуға ұмтылған, шет елдерде білім алуға құмартқан жастар. Ол әрине қуантарлық жағдай. Бірақ, осы «батыс, батыс деп өзіміздің ұлттық құндылығымызды, ділімізді жоғалтып алған жоқпыз ба?» деген сауалдар да мазалайтынын жасыра алмаймын. Өйткені сауаттылық тек қана әріп тану емес қой, ол деген кез келген мәтіннің грамматикасын көрсету, жазылу ерекшелігін, жазылу стилистикасын дұрыс ашу, техникалық тұрғыда рәсімделуі дегендей т.с.с. мәселелерге келіп тірелмей ме? Бұны айтып отырғаным, бүгінгі жастар сауаттылығы дейсіз, кейде сол жастар, барлығы емес ерине, көпке топырақ шаша алмаймын, кітап оқи алмай, сауатты жаза алмай, техникалық рәсімдеу дегенді мүлдем білмей жататын кездері аз емес. Осы тұрғыда қазіргі жастардың сауаттылығы ғаламторда берілетін ақпараттармен ғана шектеліп жатады, – дейді ол.

Саяси сахнада «Алдымен – экономика, сосын – саясат» деген принципке сүйену маңызды рөл атқарады. Ал бұл біздің қоғам үшін қаншалықты тиімді? Бұл жөнінде де экономист өз пікірін білдірді.

– Бұл принцип қай кезде де осылай болған емес, өйткені мемлекет болған соң ең алдымен мемлекеттің шекарасының тыныштығы, елдермен тұрақты саяси-экономикалық қатынастары маңызды. Сондықтан да кез келген Мемлекет басшысы ең әуелі ел іргесін түгендеген. Біздің жағдайымызда ол өте маңызды. Қазақ жері өзінің шикізатқа бай табиғи байлығымен, жерінің көлемдігімен барлық шетелдікті көп қызықтырады және сол үшін де біздің елге инвесторлар көп тартылады. Біз тек табиғи байлығымызды жай ғана сатып емес, оны өзіміз өңдеп, өнідіріп, ЖІӨ мен ЖҰӨ-дегі қоғамдық өнімнің өсу деңгейлерін жоғары дәрежеде қамтамасыз етуіміз керек. Тіпті біз «Қазақстан-2050» стратегиясы бойынша бәсекеге қабілетті дамыған елдер қатарына кіреміз десек, әрбір қоғам мүшесінің еңбек өнімділігі, бәсекеге қабілеттілігі жоғары болуы керек. Әрбіріміз жана идеяны өмірге ендіре отырып өзіміз басқа елге инвестор болуға ұмтылуымыз керек. Өйткені табиғат байлығының қоры келер ұрпақ үшін қаншалықты жетпек. Және де ел экономикасында Мемлекет басшысы қашан да кәсіпкерлерге, шағын және орта бизнес өкілдеріне мемлекеттік қолдау көрсетіп отырады. Неге? Өйткені олар жаңа идея жасаушылар, – дейді ол.


Ұлт ісінде ұсақ-түйек жоқ. Экономикалық фактор ұлттық сана-сезімнің нығаюына идеологиялық фактордан кем емес ықпал ете алатын құбылыс. Ал соңғы деректерге сенсек, елде кейінгі 10 жылдықта тек экономикалық өсім байқалады. Бұл – қуантарлық жағдай. Сайып келгенде экономиканың дамуы мемлекеттің әлемдік қауымдастықтағы бәсекеге қабілеттілігі деңгейін ғана емес, әсіресе оның ұлт-мемлекет ретіндегі тұрақты дамуын айқындайды. Бұл қазіргі таңда Қазақстанның мемлекет ретінде сақталып қалуының басты шарттарының бірі болып қалуы тиіс. Ал жастардың экономикалық сауаттылығы түбінде ел іргесінің беріктігіне алып келеді.

Абзал ЖОЛТЕРЕК

Басы1-бетте

Шетелдік ақпарат құралдарының хабарлауынша, беттерде киген бір топ ер адам жөндеу жұмыстары жүріп жатқан жүк лифті арқылы музей ғимаратына кіріп кеткен. Олар Аполлон галереясына жету үшін терезелерді сындырып, ішке енген. Кейін құнды әшекейлерді қолды

Таңқаларлығы – мұндай әрекетті кәсіби ұрылар емес, қарапайым екі студент ұйымдастырған. Олар бірнеше ай бойы музейге келуші ретінде кіріп, күзет пен қауіпсіздік жүйесінің әлсіз тұстарын мұқият зерттеген. Осы оқиғадан кейін Мексика үкіметі елдегі барлық мәдени нысанның қауіпсіздігін түбегейлі қайта қарап, жаңа бақылау жүйесін енгізді.



етіп, мотороллерге мініп, оқиға орнынан ізін суытқан. Прокуратура «ұйымдасып ұрлық жасау және қылмыс жасау мақсатында сыбайласу» бойынша тергеу бастап, жұмыс барысына мәдени құндылықтардың заңсыз айналымымен күрес қызметі де қосылды. Францияның мәдениет министрі Рачида Датидің «TF1» телеарнасына берген сұхбатында, қолды болған заттардың бірі музей жанынан табылғанын айтты. Жергілікті басылымдар ұрылар тастап кеткен, әлде түсіріп алған жәдігерді III Наполеонның әйелі, Евгения патшайымның тәжі деп хабарлады. Кейінгі дерек бойынша, күдіктілердің бірі Париждің Руасси-Шарль де Голль әуежайында Алжирге ұшпақ болған кезде ұсталған. Екінші күдікті Сен-Сен-Дени департаментінен табылды. Ол Малиге қашуды жоспарлаған. Париж прокуроры Лора Бекко Лувр мұражайынан ұрланған бағалы жәдігерлердің жалпы құны 88 миллион еуро екенін мәлімдеді. Ал теңгеге шаққанда 55009200743,49 теңге.



Бұл оқиға ең даулы музей ұрлығының бірі ретінде бағалануда. Ендеше, мұнан бөлек әлемнің түрлі елінде орын алған өзге де ұрлық деректеріне көз жүгіртіп көрейік.

Шапан астындағы «Мона Лиза». Леонардо да Винчи салған атақты «Мона Лизаның» даңқы оның ерекше бейнесімен ғана емес, бір кездері ұрланғанымен де байланысты екенін білесіз бе? XX ғасырдың басында, нақтырақ айтсақ 1911 жылы италиялық Винченцо Перуджа есімді бауқеспе суретті қолды етуге бел буады. Ал ол музейдің бұрынғы қызметкері еді. Өз елінің перзенті ретінде «Мона Лизаны» Италияға қайтаруды парыз санаған. Перуджа түнде музей ішінде қалып, таңертең суретті қабырғадан шешіп, шыны мен жақтауын алып тастап, кенепті шапанының астына жасырған күйі есіктен шығып кеткен. Таңғы тексеріс кезінде күзетшілер туындының орнында жоқ екенін байқап, дереу дабыл қағады. Париж полициясы екі жыл бойы іздеу жұмыстарын жүргізіп, тек 1913 жылы Перуджа картинаны сатпақ болған кезде Флоренцияда қолға түсіреді. Сол жылы әйгілі туынды Луврға қайта әкелініп, бұрынғы орнына қойылады. Осы оқиғадан кейін «Мона Лиза» әлемдегі ең танымал әрі ең қатаң қорғалатын өнер туындысына айналды.

Студенттер олжалаған артефакт. 1985 жылы Рождество мерекесі қарсаңында Мехикодағы Ұлттық антропология музейінен 124 құнды артефакт ұрланды. Бұл оқиға Мексика тарихындағы ең ірі мәдени қылмыстардың бірі ретінде тіркелді.

МУЗЕЙ ТЫНЫШТЫҒЫН БҰЗҒАҢДАР

Қолды болған 13. Изабелла Стюарт Гарднер мұражайына 1990 жылғы 18 наурыздың түнінде ұрлыққа түскен америкалықтар 13 өнер туындысын әкетеді. Мұнымен қоса олар өздерін күзетшілерге дабыл бойынша келген сақшымыз деп таныстырған. Ішке кірген соң екі қарауылды матап, бір сағаттың ішінде бірнеше экспонатты алып шығарады. Бұл қылмыс әлі күнге дейін толық ашылмаған. Ұрылар да ұсталған жоқ, қолды болған жәдігерлердің қайда екені де белгісіз. Федералдық тергеу бюросы мен жәдігер саудасының мамандары ұрланған заттардың құны жүз-деген миллион доллар деп бағалаған. Музей әкімшілігі жәдігердің ізінен хабар берген адамға 10 миллион доллар төлейтінін айтып жар салғанымен нәтиже болмады.

14 жылдан кейін табылған картина. 2002 жыл, қыс мезгілі, Амстердам. Осы уақытта Ван Гог мұражайында мықты жоспармен ұрлық жасалды. Таңғы 7 шамасында екі адам ғимараттың шатырына баспалдақ арқылы көтеріліп, бар-жоғы он бес минуттың ішінде олар Ван Гогтың екі бірегей картинасын ұрлап үлгерген. Голландиялық полиция арнайы операция жүргізіп, екі күдіктіні 2004 жылы ұстағанымен, туындылардың ізі ұзақ уақытқа жоғалған. Ұрланған картиналар тек он төрт жылдан кейін, 2016 жылы табылып, қайтадан музей қорына қайтарылды.

Тапқыр тонаушылар. АҚШ-тың Федералдық тергеу бюросы Леонардо да Винчидің «Ұршық ұстаған Мадонна» туындысының қолды болуын әлем тарихындағы ең шебер ұйымдастырылған 10 өнер ұрлығының қатарына жатқызады. 1501 жылы Флоримунд Роберттің тапсырысы бойынша салынған бұл картина 2003 жылы ерекше тәсілмен ұрланған. Сол жылы герцог камалында жүрген турист кейпіндегі екі адам туындыны терезеден оп-оңай шығарып алып кеткен. Тапа-тал түсте жасалған қылмысқа куә болғандар не болып жатқанын түсінбей, аңырып қалған. Ал ұрылар жұртты сабырға шақырып: «Уайымдамаңыздар, бұл тек дайындық жұмыстары, біз полиция қызметкерлеріміз» деп артынша көзден ғайып болған. Абырой болғанда, төрт жыл өткен соң 2007 жылдың күзінде әйгілі

«Мадонна» картиналарын қабырғадан жұлып алып кеткен. Қолдарындағы қарумен күзетшілерді қорқытып, туындыларды көлікке тиеген олар оқиға орнынан із жасырған. Дабыл іске қосылғанымен, ұрыларды сол сәтте қолға түсіру мүмкін болмады. Екі жылға созылған тергеуден кейін, 2006 жылы екі туынды да табылды. Дегенмен, суреттердің бояу қабаты бүлініп, зақымдалғаны анықталды. Ал қылмыскерлер ұсталып, ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылды.

1 миллиард еуро. 2019 жылы Германияның Дрезден қаласында орналасқан әйгілі «Grünes Gewölbe» атты зергерлік мұражайында 21 ғасырдағы ең ауқымды мәдени ұрлықтың бірі жасалды. Таңғы бес шамасында белгісіз адамдар электр трансформаторын өртеп, бүкіл ауданның жарығын сөндіріп тастайды. Осы сәтті пайдаланып, олар музейдің терезе торын кесіп ішке кірген. Қылмыскерлер тәждер мен ордендерді алып кеткен. Сарапшылар ұрланған бұйымның құнын 1 миллиард еуроға бағалады. Ұрлықтан кейін музей ұзақ уақытқа жабылып, қауіпсіздік жүйесі толық жаңартылды.

Дәл осы жылы ұрылар Еуропадағы ең көне мұражайлардың бірі саналатын «Green Vault» музейіне жасырын кіріп, саксон аксүйектерінен қалған XVIII ғасырдың зергерлік бұйымдарын ұрлады. Келген шығын 1 миллиард еуроға бағаланды. Қылмыскерлердің бір тобы ұсталғанымен, құнды жәдігерлер табылмады.

5 күнде табылған «Ай-Петри. Қырым». Третьяков галереясында болған бұл оқиға өнер сүйер қауымды дүрліктіргені анық. Архип Куинджидың әйгілі «Ай-Петри. Қырым» картинасы кенет жоғалып, Ресейдің мәдени өмірінде үлкен резонанс тудырды. Сақтандыру құны шамамен 12 миллион рубль болатын туындыны ұрламақ болған адам аса бір күрделі жоспар құрмаған. Бар болғаны көрме өтіп жатқан залға кіріп, қабырғада ілүлі тұрған картинаны қолтығына қыстыра салып, ештеңе болмағандай жүріп кеткен.

Картинаның жоғалғанын көрермендер түстен кейін байқаған, сол кезде ғана музей қызметкерлері дабыл қаққан. Оқиға туралы хабар тарап, жедел іздестіру жұмыстары басталды. Нәтижесінде ұрланған туынды бес күннен кейін Мәскеу маңындағы Заречье ауылындағы шаңы шығып жатқан құрылыс аумағынан табылды. Сол күні-ақ «Ай-Петри. Қырым» өз орнын Третьяков галереясының төрін қайта тапты.

Тағы да Франция, Луврдағы ұрлықтан көп ұзамай тағы бір мұражайдан 2000 алтын мен күміс тиын ұрланды. Ақпаратқа сәйкес, ұрлық Францияның солтүстік-шығысында орналасқан Ландр қаласындағы философ Дени Дидроға арналған Maison des Lumières мұражайында орын алған. Сейсенбі күні жұмысқа келген қызметкерлер сынған әйнектерді көріп, дереу дабыл қаққан. Ресми тұлғалардың айтуынша, тиындар кәсіби түрде, «жоғары деңгейдегі біліктілікпен» таңдалып алынған. Кейінгі уақытта Франциядағы мәдени нысандарда ұрлық жиілеп кетті. Өткен айда да белгісіз адамдар Париждегі Табиғат тарихы мұражайына кіріп, жалпы құны шамамен 1,5 миллион еуро тұратын 6 алтын құйма-ларды ұрлап кеткен. Француз БАҚ-ының хабарлауынша, сол кезде мұражайдың дабыл және бейнебақылау жүйелері кибершабуыл салдарынан істен шыққан, ал ұрылар мұны алдын ала білген болуы мүмкін.

Біз жинаған дерек осындай. Бүгінде музей мен галереяларда қауіпсіздік жүйесі қанша күшейтілсе де, өнерге қызығатындар көбейсе де, оны заңсыз иеленуге ұмтылатындар азаймай тұр. Бірақ нағыз өнер ешқашан жоғалмайды.

Әлия ТӘЖІБАЙ



Әлем елдері бұл аптада да түрлі бағыттағы жаңалықпен жаяндық ақпарат кеністігінің басты тақырыбына айналды. Бір тарапта табиғат қаһарына мінсе, екінші жағында халықаралық ұйымдар мен мемлекет арасында маңызды шешімдер қабылдануда.

Самарқандағы конференция

Әуелі көршілес жатқан Өзбекстанның жаңа белесіне тоқтасақ, қазан айының соңында Өзбекстанның Самарқанд қаласында ЮНЕСКО Бас конференциясының 43-ші сессиясы өтеді. Ауқымды іс-шараға байланысты 30 қазан мен 14 қараша аралығында шаһарға кіретін жолдар жабылады. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, транзиттік көліктерге қаланы айналып өтетін маршруттар ұйымдастырылады. ЮНЕСКО-ның Бас конференциясына 5 мыңнан астам адам қатысады. Атап айтқанда, 193 мемлекеттің үкімет басшылары, министрлері мен ғалымдары Самарқанда жиналады. Олар мәдени мұраны сақтау,

жасанды интеллект этикасы, тұрақты даму, климаттық өзгеріс және әйелдердің ғылымдағы рөлі мәселелерін талқылайды. Бұл іс-шараны Самарқандта ұйымдастыру шешімі 2023 жылы Парижде қабылданғанын айта кеткен жөн. 40 жылдан астам уақыт ішінде алғаш рет ЮНЕСКО Бас конференциясының сессиясы Франциядан тыс жерде өтпек.

Түркияда жер сілкінді

Ал Түркияның Сындырғы қаласында жер сілкінісі салдарынан бірнеше ғимарат қирады. Балыкесир провинциясында болған жер сілкінісінің магнитудасы 6,1 баллға жеткен. Салдарынан үш үй мен бір дүкен қирады. Әзірге табиғат апатынан құрбан болғандар жоқ. Түркия Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, жер сілкінісі салдарынан барлығы 19 адам зардап шеккен. Олар дүмпу кезінде құлау немесе терезеден секіру салдарынан жарақат алған. Зардап шеккендердің төртеуі бүгінде ауруханадан үйіне жіберілді.

92 жастағы Президент

Камерунның басшылығына 92 жастағы Поль Бийя жетіжылдық мерзімге қайта сайланды. Ол әлемдегі ең қарт Президент. Бұл тағайындау оған билікте жүз жасқа дейін отыруға мүмкіндік береді. Өткен сайлауда Бийя 53,66 пайыз дауыс жинап, Камерунды сегізінші рет басқаруға кірісті. Қауіпті қарсыласы саналатын оппозиция жетекшісі Морис Камто шілде айында сайлауға жіберілмеді. Бұл шешімді Конституциялық сот та растады, алайда елдегі көп адам мұны қарсыласын шеттетуге бағытталған айла деп қабылдады. 2018 жылғы сайлаудан кейін Камто өзін жеңімпаз деп жариялап, жаппай наразылық ұйымдастырған еді. Поль Бийя бүгінде әлемдегі ең қарт Президент саналады. Ол бұл қызметті 40 жылдан астам уақыт бойы атқарып келеді. 2008 жылы ол президенттік мерзімдердің шектеуін алып тастап, билікте мәңгі қалу мүмкіндігін иеленді.

«АЖ-ақпарат»

ЖҰЛДЫЗДЫ ӘНШІ —

ДИМАШ!

Бейбіт өмір - бар адамзат тілегі,
Жеткен елге алып-ұшып жүрегі.
Елін сүйген Димаштай сол әнінің,
Бейбітшілік елімісі деп біледі!

Жолсапарын ізгілікке арнаған,
Құшақ жайған Қытай елін таңдаған.
Алыс елдің ән аспаны шарықтап,
Ақ көгершін - тілекші боп санғаған!

Сүйіп тыңдап әнін әлем елдері,
Қазақтарын қарағөз шет жердегі.
Жаратқаннан сый еместе әншіге,
Ерекше сол алтын дауыс бергені!

Әниен солай таңғалдырып келгені,
Адамзаттың бәрін жақсы көргені.
Арманы мен ақ тілегін жеткізген,
Ақ қанатты әнші құсы жердегі!

Жас әншінің орындалып арманы,
Мет ел асып, Қытай елі барғаны.
Сол жолғы гой сапарында әншінің,
Ән көзінде жұдызының жанғаны!

Мет ел танып, шығып солай атағы,
Басталды да жұдызды ән сапары.
Алтын дауыс Димаштай сол әншісін,
Қазақтай ел мақтан етіп жатады!

Еңлік МЫРЗАХМЕТОВА

БОЛАР БАЛА ЖАСЫНАН...



Бүгінгі көйпкеріміз – Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандырылған сыныптары бар мектептің президенті, дебатшы, спорт пен ғылыми жарыстардың жеңімпазы. Ол – бірнеше бағытты қатар алып, мектеп өмірінде ерекше белсенділігімен, табандылығымен және жетістіктерімен көзге түсіп жүрген Бақдәулет Тәуекелұлы. Жас болса да, бас болуға тырысып жүрген Бақдәулетпен сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

– Бақдәулет, алдымен мектеп президенті ретінде негізгі мақсаттарыңыз туралы айтып өтсеңіз. Бұл рөл дамуыңызға қалай әсер етті?

– Мектеп президенті ретіндегі басты мақсатым – оқушылардың мүддесін қорғап, мектеп өмірін белсендірек ету. Ұжым арасындағы байланысты нығайтып, әр оқушының ойын естуге тырыстым. Бұл рөл мені жауапкершілікті сезінуге, тыңдай білуді және шешім қабылдауда батыл болуды үйретті. Тұлғалық тұрғыдан көшбасшылық пен командалық жұмыстың маңызын терең түсіндім.

– Спорттан да хабарыңыз бар. Тәэквондомен таңдауыңызға не себеп?

– Тәэквондомен айналысуға шынығу мен тәртіпке үйрену ниеті жетеледі. Бұл спорт мені сабырлы, табанды, әрі төзімді болуға баулады. Сонымен қатар, «жеңіс – өзінді жеңуден басталады» деген өмірлік қағидамды қалыптастырды.

– Дебат тек жарыс емес, ойлау мәдениетін дамытудың да жолы ғой. Бұл бағытта қандай жетістікке кол жеткіздіңіз?

– Дұрыс айтасыз, дебат тек жарыс емес. Ол мен үшін ойлау мен талдау мәдениетін қалыптастырған үлкен мектепке айналды. Жетістіктерге келер болсам, қалалық және облыстық турнирлерде жүлделі орындарға ие болдым. Бірақ ең басты жетістігі ретінде, өз пікірімді дәлелдеп, қарсы тараптың көзқарасын күметпен үйренгенім деп ойлаймын. Дебат маған сыни ойлау мен өз көзқарасымды нақты жеткізу қабілетін берді.

– Білімімізше, ғылыми жарыстарға қатысады екенсіз...

– Ғылымға қызығушылығым кішкентай кезімнен-ақ «Неге?» деген сұрақты жиі қоядан басталды. Уақыт өте келе бұл қызығушылық зерттеу мен тәжірибеге ұласты. Ғылыми жарыстар мені ізденімпаздыққа, жүйелі ойлауға және дәлел арқылы нәтиже көрсетуге үйретті.

– Бірнеше саланы қатар алып жүру оңай емес. Осы орайда өмірлік ұстанымыңызға тоқталыңызшы.

– Еңбек пен тәртіп – табыстың кілті, міне, менің ұстанымым осы. Кейде барлығына үлгеру қиынға соғады. Бірақ мақсаттарымды нақты қойып, уақытты тиімді пайдалану арқылы тепе-теңдікті сақтауға тырысамын. Бұл ұстаным мені қиын сәттерде берілмеуге және алға ұмтылуға бағыттайды.

– Қорытындылай келе, Бақдәулет өз замандастарына қандай кеңес береді?

– Жетістікке жетудің ең жақсы жолы – өзіңе сену және үнемі даму. Өзінді өзгерлермен салыстырудың қажеті жоқ. Өз жолыңды ізде. Ең бастысы – мақсат қойып, соған қарай, тұрақты түрде қадам жасау.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Арайлым САУЛЕБЕКОВА

Жұмыс іздеу үшін түрлі сайт пен парақшаларды ақтарудың қажеті жоқ десем, сенесіз бе? Иә, технология дамыған заманда жұмыс іздеу процесі де цифрландырылып жатыр. Бұл бағытта қазақстандық жастардың да қолтаңбасы қалыптасқан. Олардың қатарында Назарбаев университетінің 3-курс студенті Дана Жақсылық та бар.

20 ЖАСТАҒЫ СТУДЕНТ ІТ-ӘЛЕМІН БАҒЫНДЫРУДА

«Компьютерлік ғылымдар» мамандығында оқитын Дана көптеген студент сияқты бос уақытында тәжірибе жинап, қосымша табыс табу үшін жұмыс іздеудің қиындықтарымен бетпе-бет келген. Оның айтуынша, бос жұмыс орындары туралы хабарландырулардың басым бөлігі «Telegram»-дағы түрлі арнада жарияланады. Олардың әрқайсысын жеке-жеке қарап, өзіне сәйкес келетін вакансия табу көп уақытты қажет етеді. Оған қоса талапқа сай келетін жұмысты кезіктіру мұнан да қиын. Біреуінің қызмет уақыты графикке сәйкес келмесе, екіншісінің жалақысына көңіліңіз толмауы мүмкін.


Міне, дәл осы мәселе кейіпкерімізді инновациялық шешім іздеуге итермеледі. Студенттік өмірдің қарбаласында уақытты үнемдеудің маңызын түсінген Дана жұмыс іздеу процесін автоматтандыруды қолға алып, идеясын жүзеге асыру үшін «nFactorial Incubator» атты жазғы бағдарламаға қатысқан. Бұл – жас таланттарға ІТ-өнімдерін жасап шығаруға көмектесетін интенсивті лагерь. Бағдарлама 10 апта көлемінде өтеді. Оның алғаш үш аптасы теориялық білім, яғни fullstack/iOS әзірлеу, UI/UX дизайн, Web бағдарламаларға арналған маркетинг және жобалау жасанды интеллектіні қолдану мүмкіндіктері туралы білім алуға арналады. Ал екінші бөлім практикаға негізделген. Осылайша қатысушылар жаңа идеямен қаруланып, дизайн жасап, код

жазады. Кейін әлеуметтік желі арқылы оны танытып, қолданушыларын іздейді. Ал курс соңында 10 аптадағы жұмыс қорытындыланып, «Demo day» өтеді. Осы кезеңде Дана көпшілікке «LazyJumys» сайтын таныстырды.

«LazyJumys» – бұл пайдаланушыларға көптеген «Telegram» арнадағы жұмыс ұсыныстарын бір жерден табуға көмектесетін ақылды платформа. Ол жасанды интеллект технологияларының негізінде жұмыс іздеу процесін барынша жеңілдетеді.

Платформаның жұмыс істеу принципі өте қарапайым. Пайдаланушы сайтқа түйіндемесін жүктеп, жұмыс уақыты, жалақы немесе тұратын қаласын белгілейді. Таңдауларды ескере отырып жасанды интеллект оннан астам белсенді «Telegram» арналардан сіздің талабыңызға сай келетін вакансияларды жинақтайды. Кейін ол сіздің түйіндемеңізден жұмыс өтілін, дағдыларыңызды қарастыра отырып, сізге сай келетін жұмыстарды ұсынады.

Платформа дизайнер, маркетолог және фриланс саласындағы мамандар үшін таптырмас құрал. «LazyJumys» интеллектуалды сүзгілеу технологиялары арқылы уақытты үнемдеп қана қоймай,



«LinkedIn» немесе «HeadHunter» сияқты ірі порталдарда жарияланбаған вакансияларды да табуға мүмкіндік береді.

Белсенді түрде жұмыс іздеп жүргендерге де, процеске көп уақыт бөлгісі келмейтін ізденушілерге де арналған бұл жоба – Дананың ІТ саласындағы алғашқы, бірақ ауқымды қадамы. Оның бастамасы Қазақстандағы жастардың технология саласында үлкен жетістіктерге жете алатынын дәлелдейді.

Мерей ШӨКРАТ

ДЕНСАУЛЫҚ ҚҰПИЯСЫ ЖАҢҒАҚТА



Күн сайынғы ас мәзіріңізге бір уыс жаңғақ қосыңызшы. Сол-ақ екен, денеңіз жеңілдеп, ойыңыз сергіп, көңіл күйіңіз көтеріледі. Қан қысымы мен холестерин деңгейін төмендетуге де атсалысады. Әрқайсысының өзіндік ерекшелігі де бар. Қарастырайық.

Зерттеулерге сүйенсек, күніне 28 грамм жаңғақ жеу жүрек-қан тамыр ауруларының қаупін 21 пайызға төмендетеді. Ең қызығы, жоғары калориялы тағам саналса да, жаңғақты қалыпты мөлшерде тұтыну салмақ қоспайды. Керісінше, құрамындағы май, талшық пен ақуыз тоқтық сезімнің ұзақ сақтап, аштықты басады. Харвард медицина мектебінің тамақтану эпидемиологі Дейрдре Тобиас: «Жаңғақтарды ұдайы тұтыну шынымен салмақ жоғартуға алып келеді», – дейді. Сонымен қатар бадам және грек жаңғағындағы калория мөлшері біз ойлағаннан кем дегенде 20 пайызға аз екені анықталған.

Диетологтардың айтуынша, денсаулыққа айрықша пайда әкелетін жаңғақтар тізімінде бадам да бар. Біріншіден, басқа жаңғақтарға қарағанда оның құрамында талшық көбірек. Бір шыныаяқтың өзінде 17,9 грамм талшық бар. Ал ол қатерлі ісік пен ІІ типті қант диабетіне шалдығу ықтималын азайтады әрі салмақты да бақылауға көмектеседі. Бадам сонымен қатар Е дәруменіне бай, ол

терінің саулығын, иммундық жүйені әрі қан тамырларының жұмысын жақсартады. Бір кесе бадамның құрамында 386 миллиграмм магний бар, бұл бұлшықет қызметі үшін таптырмас көмек.

Тағы бір керемет жаңғақтың бірі – пісте. Бір шыныаяқ пістенің құрамындағы 1250 миллиграмм калий бар. Бұл ми жұмысы мен бұлшықеттерді дұрыс басқаруды жақсартады. Бұл жаңғақ сонымен қатар В6 және В1 дәрумендерінің таптырмас көзі. Ол иммундық денсаулықты нығайтуға, қан аурулары анемиясының алдын алуға және жүктілік кезінде жүрек айнуын азайтуға пайдалы. Ал бразилия жаңғағына тоқталатын болсақ, оның құрамында басқа тағамдармен салыстырғанда селеннің ең көп мөлшері кездеседі. Селен – қалқанша безінің саулығына көмектесе отырып, лейкоциттерді ағзаның ауру және инфекциямен күресу қабілетін жақсартатын жасушаларды күшейтетін қоректік зат. Бірақ оны мөлшерден тыс тұтынсаңыз, мәселе туындауы мүмкін. Өйткені селеннің рұқсат етілетін ең

жоғарғы шегі шамамен 400 микрограммды құрайды, ал әрбір жаңғақта шамамен 95 микрограмм бар. Демек, бразилия жаңғағын көп дегенде күніне үшеуден жеген абзал.

Жержаңғақ жайлы айтсақ, құрамында басқа жаңғақтармен салыстырғанда ниацин көбірек. Ниацин – жүйке және ас қорыту жүйелерін қолдайтын, әрі артрит ауруын төмендетуге атсалысатын В дәрумені. Олардың құрамындағы көп талшықтың арқасында жержаңғақ өт тастарының пайда болу қаупін азайтуға әбден мүмкін. Бұған қоса, жержаңғақта 2,2 миллиграмм Е дәрумені бар. Бұл ұсынылатын тәуліктік тұтынудың 15 пайызын құрайды. Сонымен қатар жаңғақтардың басым бөлігіндегі пайдалы майлар, дәрумен мен минералдардың құрамы ұқсас болғанымен, грек жаңғағы өз алдына ерекше. Себебі ол омега-3 май қышқылдарының қосымша көзі. Міне, біздегі ақпарат осындай. Әр өнімнің пайдасын біліп жүргеніміз абзал.

Инжу МАРЖАН

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Ақмешіт ЖАСТАРЫ Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген. «Ақмешіт жастары» республикалық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.	БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
	Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Дәулет ҚЫРДАН	Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz	Кезекші редактор: Аружан ОРАЛБАЙ
			Таралымы: 6479 Тапсырыс: 1845